



Балықтар мен басқа да су жануарларының мониторингі қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 29 қаңтардағы № 25 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 қаңтарда № 19962 болып тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 77-9) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген Балықтар мен басқа да су жануарларының мониторингі қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрі*

М. Мирзагалиев

Қазақстан Республикасы
Экология, геология
және табиғи
ресурстар министрінің
2020 жылғы 29 қаңтары
№ 25 бұйрығымен
бекітілген

Балықтар мен басқа да су жануарларының мониторингі қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Балықтар мен басқа да су жануарларының мониторингі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағының 77-9) тармақшасына сәйкес әзірленді және балықтар мен басқа да су жануарларының мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аумақтық бөлімшелер – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің облыстық аумақтық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциялары;

2) балықтар және басқа да су жануарларын алып қою лимиті – балық және басқа да су жануарларын олардың табиғи өсімі мен саны сақталатын жағдайда алып қоюдың жол берілетін шекті көлемі;

3) балықтар және басқа да су жануарларын алып қою квотасы – жануарлар дүниесін пайдаланушылар үшін балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары белгілейтін балық және басқа да су жануарларын алып қою лимитінің бір бөлігі;

4) балықтың қайда ауланғаны немесе балық өсіру шаруашылықтарында өсірілген туралы анықтама – уәкілетті орган белгілеген, балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде ауланған балық ресурстары мен басқа да су жануарларының шығу тегін растайтын құжат;

5) ведомство – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті;

6) жануарлар дүниесін пайдаланушылар – Заңға сәйкес жануарлар дүниесін пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар;

7) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат – жеке және заңды тұлғаларға жануарлар дүниесін пайдалануға, сондай-ақ жануарлар дүниесінің ұстап алынған объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде аңшылық және балық аулау олжаларын әкетуге және өткізуге құқық беретін, белгіленген нысандағы құжат;

8) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі.

2-тарау. Балықтар мен басқа да су жануарларының мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібі

3. Балықтар мен басқа да су жануарларының мемлекеттік мониторингін уәкілетті орган осы Қағидаларға сәйкес жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып жүзеге асырады.

4. Балықтар және басқа да су жануарларын алып қою лимиті балық және басқа да су жануарларын және олардың мекендейтін жерлерін бақылау, ғылыми зерттеулер және есепке алу материалдарына негізделетін биологиялық негіздемеге сәйкес ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап келесі жылдың 1 шілдесіне дейінгі кезеңге белгіленеді және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар болған жағдайда уәкілетті органмен бекітіледі.

Балықтар және басқа да су жануарларын алып қою квотасы аккредиттелген балықшылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығымен (бұдан әрі – Қауымдастық) бекітілген балықтар және басқа да су жануарларын алып қою лимитінің негізінде белгіленеді және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-04/149 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 10865 тіркелген) бекітілген Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квоталарын бөлу қағидаларымен белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бөлінеді.

Балықтар және басқа да су жануарларын алып қою квоталарын бөлу нәтижесі ведомствоға, аумақтық бөлімшелерге және тиісті жергілікті атқарушы органдарға Қауымдастықпен жолданады.

5. Жергілікті атқарушы органдар жануарлар дүниесін пайдаланушылардың өтінімдері бойынша жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат береді және берілген жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсаттар бойынша ведомствоға және аумақтық бөлімшелерге мәлімет тапсыруды қамтамасыз етеді.

6. Балықтар мен басқа да су жануарларының мемлекеттік мониторингін жүргізуге арналған мәліметтер "Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 363-Ө бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 9203 тіркелген) белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылады.

7. Аумақтық бөлімшелер айдың бесінші күнінен кешіктірмей ведомствоға және тиісті облыстың жергілікті атқарушы органдарына берілген балықтың қайда ауланғаны туралы анықтама бойынша мәлімет береді.

8. Балықтар және басқа да су жануарларын мемлекеттік мониторинг шеңберінде ведомство мен жергілікті атқарушы органдар ұсынылған мәліметтердің негізінде ұсынылған ақпараттарды талдау және жинақтау жүргізеді.

9. Қажет болған жағдайда балықтар және басқа да су жануарларының мемлекеттік мониторингінің нәтижелерін уәкілетті орган қолданыстағы заңнамаға сәйкес шаралар қабылдау үшін құқық қорғау органдарына және мемлекеттік кірістер органдарына жібереді.